

**1.2. «Ақмола облысы білім басқармасы Астрахан ауданы білім бөлімі
Жаңатұрмыс ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» КММ
2025-2026 оқу жылына қойылған міндеттердің орындалуы туралы
есеп**


Оқу жылы барысында педагогикалық ұжымның жұмысы білім сапасын арттыруға, педагогтердің кәсіби шеберлігін дамытуға, оқушылардың интеллектуалдық және шығармашылық байқауларға қатысуына, сондай-ақ оқыту үдерісіне инновациялық технологияларды енгізуге бағытталды.

№ 1. Мұғалімдердің цифрлық платформаларды меңгеруі, цифрлық трансформация және білім беруде жасанды интеллектті қолдану жағдайында педагогикалық дағдыларды дамытуға бағытталған біліктілікті арттыру курстарынан өтуі

Қойылған міндет толық орындалды. Мұғалімдер цифрлық білім беру платформаларын белсенді түрде меңгеріп, білім беруді цифрландыру және оқу үдерісінде жасанды интеллектті қолдану мәселелері бойынша біліктілікті арттыру курстарынан өтті. Мұғалімдердің 100%-ы «Білім берудегі жасанды интеллект: инновациялық технологиялар және оқу үдерісінің цифрлық трансформациясы» курсы аяқтады. Алған білімдері педагогтердің күнделікті тәжірибесінде қолданылуда.

№ 2. Оқушылардың білім сапасын 65% деңгейінде сақтау


Бұл міндет артығымен орындалды. Оқу жылының қорытындысы бойынша білім сапасы 71%-ды құрап, жоспарланған көрсеткіштен 5%-ға жоғары болды.



№ 3. Педагог-модераторлар санын 11-ге, педагог-сарапшылар санын 9-ға жеткізу

Міндет жартылай орындалды. Педагог-сарапшылар саны жоспарланған көрсеткішке жетіп, 9 адамды құрады. Ал педагог-модераторлар саны 9 адам болып, жоспардан 2 педагогке кем болды.

мұғалімдер



■ педагог-сарапшы ■ педагог-модераторы ■ педагог

№ 4. Аудандық жалпы білім беретін пәндер олимпиадасында 3 жүлдегерге қол жеткізу Міндет орындалды. Аудандық пәндік олимпиадада 3 оқушы жүлделі орынға ие болды. 5 «А» сынып оқушысы Ауғанбайқызы Айаулым қазақ тілі пәнінен аудандық олимпиадада ІІІ орын алды.

6 «А» сынып оқушысы Жақанова Назерке орыс тілі мен әдебиеті пәнінен аудандық олимпиадада І орын иеленді.

7 «А» сынып оқушысы Серік Заңғар Қазақстан тарихы пәнінен аудандық олимпиадада грамотамен марапатталды.

№5. Облыстық кезеңге жолдама алған ғылыми-зерттеу жобаларының санын 3-ке жеткізу Міндет орындалды. Облыстық кезеңге мектеп оқушыларының 3 ғылыми-зерттеу жобасы жолдама алды:

- 4-сынып оқушысы Амерканова Ясмина – информатика пәні бойынша «Scratch бағдарламасында тасбақаны бағдарламалау: геометриялық фигураларды салу» жобасы;
- 4-сынып оқушысы Сүлейман Асылым – технология пәні бойынша «Қоқысты қайта өңдеу» жобасы;
- 2-сынып оқушысы Исембаева Ильхама – орыс тілі мен әдебиеті пәні бойынша «Сам себе помощник» жобасы.

№ 6. Аудандық дебат қозғалысында жүлделі орындарға қол жеткізу Міндет орындалды. Мектеп командасы аудандық дебат турниріне қатысып, ІІ орын иеленді.

<https://www.instagram.com/p/DYXg7Q7E4Bm/?igsh=Y25nNTB0Zmw3M3Jj>](<https://www.instagram.com/p/DYXg7Q7E4Bm/?igsh=Y25nNTB0Zmw3M3Jj>)

№ 7. Аудандық Абай және Мақатаев оқуларында жүлделі орындарға қол жеткізу Аудандық Абай және Мақатаев оқуларына қатысу жүзеге асырылмады, себебі мектепке білім бөлімінен аталған іс-шараларды өткізу туралы ресми хат келіп түспеді.

№ 8. «Дарын» қашықтық интеллектуалдық олимпиадаларының жүлдегерлері санын арттыру

Қойылған міндет артығымен орындалды. «Дарын» қашықтық олимпиадалары бойынша жүлдегерлер саны жоспарланған көрсеткіштен жоғары болды:

- 1–4 сыныптар бойынша – 16 оқушы;
- 5–11 сыныптар бойынша – 13 оқушы.

№ 9. 5 мұғалімнің ОӘК әзірлеуі және мектеп пен аудан деңгейінде апробациядан өткізуі

